

**2009 жылы Қордай ауданының аумағында тұратын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің 2008 жылғы 09 желтоқсандағы N 5 Шешімі. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 09 қаңтарда 69 нөмірімен тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33 бабы 1 тармағы 13) тармақшасы негізінде, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17 бабы 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі ережесін бекіту туралы" № 371 қаулысына сәйкес, **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. "Жамбыл облысы Қордай ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Б. Жанабердиевке (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында Қордай ауданының аумағында тұратын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін тіркеу жүргізу ұсынылсын.

2. Кенттің ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері "Жамбыл облысы Қордай ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тіркеуге жататын азаматтарды тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. "Қордай ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жамбыл облысы Қордай ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне

уақтылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 қаулысымен белгіленген тәртіп негізінде, азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін медициналық комиссиядан өткізілсін.

5. "Жамбыл облысы ішкі істер департаментінің Қордай аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Т. Жүнісқадыровқа (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған азаматтарды іздестіру және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Жаманкөзовке жүктелсін.

7. Осы шешім Әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қордай ауданының Әкімі*

*М. Жолдасбаев*

КЕЛІСІЛДІ:

"Жамбыл қорғаныс мемлекеттік Жанабердиев 09 желтоқсан 2008 жыл	облысы істері	Қордай жөніндегі мекемесінің Бауыржан	ауданының бөлімі" бастығы Советұлы
--	------------------	--	---

"Жамбыл Қордай мемлекеттік Жүнісқадыров 09 желтоқсан 2008 жыл	облысы аудандық	ішкі ішкі мекемесінің Талғат	істер істер бөлімі" бастығы Көшкінбайұлы
---	--------------------	---------------------------------------	--